

Оқулыққа
2024 жылғы «15» сәуірдегі №454
ғылыми-медициналық сараптаманың қорытындысы

Қажетті параметр (бағалау критерийі)	Ақпараттың болуы туралы ақпарат (критерийге және белгіленген талаптарға сәйкестігі)
Қолжазбаның атауы	АДАМ АНАТОМИЯСЫ (оқулық медициналық жоғары оқу орындарының студенттеріне, резиденттеріне, магистранттарына және дәрігерлерге арналған)
Болжалды таралым	1000 дана
Шығарылған жылы	2024 жыл
Автордың (авторлардың) тегі, аты, әкесінің аты, ғылыми дәрежесі мен атағы, жұмыс орны, лауазымы	Б.Ш. Шакенов – С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ С.Р. Қарынбаев атындағы қалыпты анатомия кафедрасының лекторы; Н.С. Ахмад – м.ғ.к., С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ С.Р. Қарынбаев атындағы қалыпты анатомия кафедрасының меңгерушісі; Т.М. Досаев – м.ғ.д., профессор, С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ С.Р. Қарынбаев атындағы қалыпты анатомия кафедрасының профессоры; Л.А. Искакова – С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ С.Р. Қарынбаев атындағы қалыпты анатомия кафедрасының лекторы.
Рецензенттер	1. Ахметов Ж.Б. – м.ғ.к., С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ патологиялық анатомия кафедрасының профессоры 2. Рахманов С.Б. – м.ғ.к., Ақтөбе медицина университетінің доценті 3. Ерғазина М.Ж. – ЖМ ББК мүшесі, м.ғ.к., С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ гистология кафедрасының доценті
Пәннің атауы (осы пәнге жататын циклды, оқу басылымы дайындалған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының тиісті жіктеуіші бойынша кодты көрсету)	Пәннің атауы «Адам анатомиясы» мамандық 6В10123 «Медицина», бағыты «жалпы практикалық дәрігері».
Құрылымы мен дизайнына қойылатын талаптарға сәйкестігін бағалау <i>(Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің грифін беру тәртібі туралы Ережеге сәйкес)</i>	
Титул парағы және артқы жағы	Алдыңғы және артқы жағын оқулықты ресімдеу жөніндегі талаптарға сәйкес ресімделсін. ҚР ДСМ «Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығы» ШЖҚ РМК (_____ ж. №__) бекітілді және типографиялық тәсілмен басып шығаруға рұқсат етілді.

Қысқартулар тізімі	Қысқартулар тізімі талаптарға сай толық жазылған, кітап мәтіні бойынша толық пайдаланылады.
Мазмұны	Бөлімдер мен бөлімдерге реттік нөмірлерді қосу. Қысқартулар тізімін мазмұнына қосу.
Кіріспе	Оқулықта қойылған мақсаттар мен міндеттер толық сиппатталған.
Басылымның негізгі мәтіні	Бөлімдер мен кіші бөлімдерде араб цифрларымен нүктесіз көрсетілген бүкіл құжат шегінде реттік нөмірлер болуы керек. Анатомиялық құрылымдары суреттерімен, қазақша-латынша атауларымен берілген.
Қорытынды	Бөлім жоқ. Бұл бөлімде жұмыстан туындайтын қорытындылар мен ұсыныстар жасалуы керек және олардың практикалық маңыздылығы атап өтілуі керек.
Әдебиеттер тізімі	Әдебиеттер тізімі жеткілікті.
Басылымды ресімдеу сапасы (қазақ, ағылшын, орыс тілдерінің нормаларын сақтау, дизайн)	Оқулықтың дизайны талаптарға сәйкес келеді.
Оқулықтың көлеміне қойылатын талап-кемінде 9 баспа парағы	Көлемі – 702 бет, 27 б. п. сәйкес келеді, бұл оқулық үшін жеткілікті.
Мазмұнға қойылатын талаптарға сәйкестігін бағалау (Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің грифін беру тәртібі туралы Ережеге сәйкес)	
ҚР ҒЖБМ МЖМБС, ҚР жоғары білім беру біліктілігінің ұлттық шеңберіне, ҚР салалық біліктілік шеңберіне, Кәсіби стандартқа сәйкестігі тұрғысынан оқу басылымының жұмыс тұжырымдамасын бағалау.	«Адам анатомиясы» оқулығы медициналық жоғары оқу орындарының студенттеріне, резиденттеріне, магистранттарына және дәрігерлерге арналған. Ұсынылған мәліметтер ҚР ҒЖБМ МЖМБС сәйкес келеді.
Оқу басылымының мазмұнын қазіргі ғылыми деңгейге (нақты бағыт бойынша), оқытудың күтілетін нәтижелеріне; олардың қол жетімділігін бағалаудың объективті критерийлеріне сәйкестігін бағалау	Оқу басылымының мазмұны қазіргі ғылыми деңгейге сәйкес. Ұсынылып отырған оқулықта адам анатомия пәні бойынша барлық тарауларында ағзаның құрылысы, топографиясы, қанмен қамтамасыз етілуі, нервтенуі қамтылған, қазақша-латынша атаулары берілген.
Теориялық білім, оны талдау және түрлендіру әдістемесі, оны қолданудың практикалық дағдылары негізінде кәсіби салаға қатысты нақты өнімді құру қабілетін қалыптастыруға бағытталуы.	Ұсынылған оқулықта барлық тараулар толық қамтылған, әрбір тарауда суреттерімен жабдықталып, қазақша-латынша атаулар көрсетілген.

Оқу басылымындағы оқу материалын ұсынудың және өзектендірудің әдістемелік жүйесін, оның құзыреттілікке бағытталған білім беру технологияларына бейімделуін бағалау.	Оқулық әдістемелік тұрғыдан дұрыс құрастырылған, оқу материалы өзекті, барлық тараулар басылымның мақсатына сәйкес келеді.
Оқу басылымының мазмұны мен ресімделуіне қойылатын психологиялық-педагогикалық талаптардың сақталу дәрежесі.	Оқулықтың мазмұнына қойылатын психологиялық-педагогикалық талаптар сақталды, сапалы.

Сараптамалық қорытынды: «Адам анатомиясы» оқулығы жоғарыда келтірілген ұсыныстар мен ескертулерді ескере отырып, оқу материалы ретінде ұсынылуы мүмкін.
Шешім: «Адам анатомиясы» оқулығы бекітілсін және берілген ескертулер мен ұсыныстарды ескере отырып, баспаханалық тәсілмен басып шығаруға рұқсат етілсін.

Сарапшылар тобы:

Сараптама тобының төрағасы,
 Медициналық білім және ғылым
 департаментінің директоры, х.ғ.к.,
 доцент, МВА.



А. Мурат

Сарапшылар тобының мүшелері:

1. «Адам анатомиясы» бағыты бойынша тәуелсіз сарапшы (ғылыми-медициналық сараптама жүргізу жөніндегі тәуелсіз сарапшылар базасынан)
2. Әдістемелік және техникалық қолдау тобы:

Медицина ғылымын дамыту
 бөлімінің меңгерушісі, м.ғ.к.



Т.Б. Умралин

Медицина ғылымын дамыту
 бөлімінің жетекші маманы



А.А. Тлеужан

ҚР ДСМ «Салидат Қайырбекова
 атындағы ҰҒДСДО» ШЖҚ РМК
 Басқарма Төрайымының орынбасары



А.Б. Табаров